

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Платон мен Аристотельдің
эпистемологиясы



Мақсаты – Платон мен Аристотель философиясындағы эпистемологиялық мәселелерді қарастыру.

Жоспары:

1. Платон: білім және идея.
2. Аристотельдің ғылым мен иллюзия жайлы ойлары.

Түйін сөздер

«Dianoia», «doxa», «gnome», «arête», «ergon», «techne», «episteme», «phronesis», «Sophia», «nous».

Платон философиясында білім мен оның табиғатына «Теэтет» және «Мемлекет» диалогтерінде көп көңіл бөлінеді. Екі диалогке ортақ нәрсе – «мәлім дүние ақиқат болуы керек» деген ұстаным. Білім тек бар нәрсе туралы ғана бола алады. «Теэтетке» қарағанда «Мемлекет» Платонның идеялар теориясын жақтайды. Онда Платон шын мәнінде тек идеялар ғана өмір сүреді. Идеялардан басқаның бәрі тек шектелген қабылдау ғана дейді. Мысалы, сұлу нәрсе сұлулық идеясынан басқаша болады, сұлу нәрселердің бәрі бір жағдайда сұлу болса, екінші жағдайда олай емес, бір бөлігі сұлу болса, басқа бір бөлігі сұлу болмайды. Сұлулық Идеясынан басқаның бәрі – нақты уақытта ғана сұлу. Идеялар теориясы бірінші рет «Мемлекеттің» бесінші кітабында философты сипаттағанда келтіріледі. Онда Платон, қарапайым көрініс пен дыбыстарға қызығушы дилетанттан ажырату үшін, философты ақиқатты сүйші деп көрсетеді.

Философ емес адам сұлу нәрсе мен сұлулықтың өзін айыра алмайды. Ол елесті шынайылық деп қате түсініп, түсінде жүргендей өмір сүреді. Мұндай адамның санасының ахуалын түсіндіру үшін (dianoia) Платон «Теэтетте» ой немесе сенімге байланысты қолданылған «doxa» сөзін пайдаланады. Оны философтың біліміне қатысты қарсы қояды. Бұл «gnome» деп аталады. Егер білім бар нәрсе туралы білім болуы керек болса, онда тек Идея ғана бар. Сондықтан білім тек Идеялар туралы білім болуы қажет. Егер Идеяға қарама-қарсы жақта бірдеңе – төтенше бар емес нәрсе бар болса, онда ол мүлдем танылмайды. Бірақ көп заттар бір бөлігінде F болып есептеледі ал, басқа жағынан, F болмаса, басқа жағдайда емес, бір жағдайда ғана F болып, ал басқа жағдайда F бола алмайды, олар төтенше F және төтенше F еместің арасында орналасады. Оларды doxa объектілері дейміз. Осы мәселеде «Мемлекет» пен «Теэтет» арасындағы түбегейлі айырмашылық айқындалады. «Теэтетте» біз білімге тән негізгі сипатты табуға тырыстық. Оны біз танушы адам санасының ерекше күйі деп қарастырдық. Бұл сезім мәселесі бола ма? Ол Логосты қамтуы керек пе? Бірақ, «Мемлекетте» білім мен сенім арасындағы айырмашылық – объектілер арасындағы айырмашылық, яғни танылатын нәрселер мен ойлауға болатын нәрселер арасы. Білім мен ой, – дейді Платон, – қуат (dynamis) болып келеді, өйткені, көру мен есту – бұл қуат. Қуатта біз бір-бірінен ажырататындай пішін немесе түс жоқ. Көру – түсті айыруға арналған қуат, есту – дыбысты айыру үшін қажетті қуат: объектілер арасындағы айырмашылық бір-бірінің қуатын да ерекшелейді. Дәл осылай Платон да, өзі айналысатын объектінің екі түрінің арасындағы айырмашылықты ескере отырып, білім мен сенім арасындағы айырмашылықты анықтауды ұсынады.

Алтыншы кітапта Платон дәлелдің осы бірізділігін жалғастырып, «gnome» және «doxa»-ны жіктейді. Докса немесе ой – ойдың аясы көрінетін әлем. Бірақ ол әрқилы объектілері бар екі түрлі формада кездеседі. Бірінші форма – елестер (eikasia). Оның объектілері көлеңкелер мен шағылысулар. Екінші формасы – сенім (pistis). Оның объектілері біздің айналамыздағы тіршілік иелері. Табиғат жаратылыстары және адам қолымен жасаған нәрселер. Gnosis патшалығы, яғни білімнің аясы да соған ұқсас екіге бөлінеді. Білім, ең алдымен «noesis» немесе түсіну. Оның объектілері – философтардың құзыретіндегі Идеялар. Алайда білімнің тағы басқа, математикке ғана тән түрі бар. Оған Платон dianoia деген ат берді. Идеялар мен математиктердің абстрактілі объектілері мәңгілік пен өзгермеу туралы сипатқа келгенде бір жерге тоғысады. Екеуі де қалыптасу әлеміне емес, болмыс әлеміне жатады. Бірақ олардың, сонымен қатар, кәдімгі жердегі объектілерге де қатысты ортақ белгілері, атап айтқанда, көптік



және жалғыз еместік сипаттары бар. Геометрдің шеңберлері Идеядағы шеңбер сияқты емес, бір-бірімен қиылыса алады. Арифметиктің екілері Идеядағы жалғыз екілік сияқты емес, бір-біріне қосып, төрт шығаруға болады.

Платон математик пен философты олардың ізденіс алаңдарының айырмашылықтары тұрғысымен қатар олардың зертеулерінің әртүрлі тәсілдеріне қатысты да бөледі. Математиктер өздері ақиқат көретін болжамдардан бастайды және оларды түсіндіруді міндетті санамайды, – деп шағымданады Платон. Дегенмен философ та болжамнан бастаса да, математиктер секілді, болжамнан бірден қорытындыға көшпейді, алдымен болжамнан болжамдық емес принципке өтеді, айырмашылығын түсінген соң кейін қорытындыға келеді. Платон философиялық әдісті «диалектика» деп атайды. Ал диалектика, оның сөзі бойынша, «болжамдарды алғашқы принцип санамайды, шын мәніндегі гипотезалар – алғашқы гипотезалық емес принципке жеткізер жолдағы баспалдақтар немесе бастапқы нүкте тәрізді». Осы принципті ұғып алып, диалектика қарсы бағытта қозғалады. Осы принциптен шығатын нәрселерді сақтай отырып, ең ақырында қорытындыға келеді.

Ғалымдар Платонның ойындағыдай диалектиканың табиғатының анықтығы жөнінде біржақты келісімге келе алмайды. Диалектик болса бір болжамды алып, күдікті жорамал жасап, содан соң ол қайшылыққа әкелетінін көрсетуге тырысады. Бұл диалектиктің зерттеу тәсілі. Ал қайшылыққа жеткен кезде, ол болжамнан бас тартып, қайшылықтардан қорытынды жасау үшін басқа да алғышарттарды тексеруге көшеді. Осындай реттілік даусыз шешімге жеткенше жалғаса береді. Мұндай әрекетті Платон «Мемлекетте» көрсетеді.

Платон әділеттіліктің табиғаты жөнінде пайымдағанда идеалды әділеттілік дегеннің не екенін білу және жоғарғы Идея, игілік Идеясымен басқарылатын жүйеде оның орны қандай болуы керектігін көру – диалектиканың міндеті дейді. Өкінішке қарай, заң мен моральдың бірінші принципі – қайырымдылық туралы білуге бастаған жолының соңына жеткенде, «Мемлекеттегі» Сократ Синай тауындағы Мұса секілді бұлттарға араласып, көзден ғайып болады. Ол тек метафоралармен сөйлейді және қайырымдылықтың ең үстірт сипаттамасын бере алмайды.

Идеялар теориясының, әсіресе, әділеттілік теориясының көмескілігі «Мемлекет» эпистемологиясының басында олқылық бар екенін білдіреді. Идеялар білімі және ондай білімге қалайша жетуге болатыны ол жерде ешқашан түсіндірілмейді. Басқа диалогтер – Федон, Менонда – осы кемшіліктің орнын толтыруға мүмкіндік беретін болжам жасалған. Идеяларды білу – шын мәнінде «анамнез», яғни еске түсіру. Одан ертерек және әлдеқайда рухани өмірдегі білгеніңді еске түсіру. Гносеологиядан гөрі метафизикаға жақын бұл тұжырымды Энтони Кенни кітабының кейінгі тарауларында қарастырады.

Өз философиясында Аристотель Протагор феноменализмі мен Платон интеллектуализмінен аулақ болуғатырысады. Ол біздің біліміміздің басталуы қолданар ұғымдарымыздың сезімдерден де, әлі дәлелденбеген пайымдардан да тәуелді екенін нақтылайды. Оның пікірінше біліміміздің қалыптасуы былай жүреді: әуелі сезім, сосын ес пайда болады, есте сақталғандардан біз тәжірибе жүргіземіз, ал жеке тәжірибеден әмбебап тұжырымдама құрамыз, ол – практикалық шеберліктің (techne) де, теориялық білімнің (episteme) де негізі болып саналады. «Алғашқы аналитикада» кез келген пәннің ұстанымы тәжірибе арқылы пайда болады дейді Аристотель. Астрономдар өз тәжірибелерін ғарыштан бастайды, тек астрономиялық құбылыстарды игергеннен кейін ғана солардың себептерін іздеуді жалғастырады және дәлелдерін ұсынады. Осындай әдістер өмір туралы ғылымдарда қабылдануы керек-ақ.

Ғылым тәжірибеден басталады, бірақ онымен аяқталмайды және Платон сияқты, Аристотель когнитивті және зияткерлік жағдайлардың күрделі жіктемесін жасады. Екі философ та моральдық ізгілік пен зияткерлік басымдылықты бір текке жататын екі түрлі нәрсе деп есептеді. Бірақ Платон ізгілікті ғылымның ерекше бір түрі ретінде қарастырады. Бұған Сократтың ықпал еткені шүбәсіз. Ал Аристотель ғылымның өзін ізгіліктің ерекше түріне жатқызады. Платонның білім анатомиясының Аристотельдік зерде ізгілігі іспетті аналогын оның зерделі ізгіліктер мәселесін қозғаған этика жайлы кітаптарынан табуға болады.

Гректің «arete» сөзі «ізгілік» (қайырымдылық) дегенге де, «жетілгендік» дегенге де келеді. Сондықтан Кенни оны осы контексте оны аудармасыз қалдырады. «Arete» табиғаты қалай болғанда да өзінің «ergon»-на тәуелді, яғни оның ісіне немесе нәтижесіне тәуелді. Зерде «ergon»-ы



және оның барлық қабілеттері шынайы немесе жалған пікірлерді шығарудың қабілеттілігінен құралады. Зерделік *aretai* (жетілгендік) жанның зерделік бөлігін ақиқатпен қиыстырады. Сананың осындай тиімділігінің бес күйі бар – *techne*, *episteme*, *sophia*, *phronesis*, *nous* – оларды машық, ғылым, даналық, түсіну және көрегендік деп аударуға болады.

Машық пен даналық – практикалық білімнің екі түрі. Не істеу және қалай істеу туралы білім. Архитектура немесе медицинадағы машық пен солардың бірдеңе жасаудағы әрекеттері – олардың өндірісі (*poiesis*), нақты нәтижелері. Мысалы, үй немесе денсаулық сияқты абстрактілі нәтижелер. Екінші жағынан, даналық, адам нәтижесіне емес, әрекеттеріне (*praxis*) байланысты: ол адамдардың жақсы және жамандығын ажырату арқылы ақиқатты анықтайтын логикалық артықшылық болып саналады.

Дана адамға әрекет арқылы қол жететін жақсы нәтижелерді алдын ала болжай білу тән. Демек, даналық өзгермейтін және мәңгі істермен байланысты ғылымнан және түсініктерден ерекшеленеді. Жанның рационалдық бөлігі ойлап-толғаумен байланысты «*logistikon*» және мәңгі ақиқаттармен байланысты «*epistemonikon*» деп екіге бөлінеді. Осы бөліктердің әрбіреуі өзінің жеке «*arete*»-не ие. Біріншісінде даналық, Екіншісінде түсінік. Басқа зияткерлік құндылықтар «*phronesis*» немесе «*sophia*»-ның бөлшегі болып табылады. «*Sophia*», мысалы, «*nous*» және «*episteme*»-ден тұрады.

«*Sophia*», – дейді Аристотель, – айналысатын нәрселері – құдіретті, құрметті және пайдалануға жарамсыз заттар. Оны Фалес және Анаксагор сынды атақты философтар жүзеге асырған. «*Nous*» дегеннің не екені бірден түсінікті емес. Бұл сөз жалпы адамзаттың зерделік аппаратымен, сананың эмоциялық емес, танымдық бөлігіне байланысты қолданылады. Бірақ бұл жерде теориялық ғылымның бірінші принциптеріне бойлау – «*episteme*» негізінде жатқан тексерілмеген міндетті шындықты түсіну меңзеледі. Дәл осы «*Nous*» «*episteme*»-мен үйлестірілгенде, адамның ең жоғарғы зерделік жетістігі «*sophia*»-ны құрайды.

«Этикада» *episteme* немесе ғылым қатарына не кіретіні айтылмаған. Бұл «Кейінгі аналитиканың» алғашқы алты тарауында айқын және тиянақты келтірілген. Аристотель бір нәрсені танып-білу үшін ол нәрсенің болмысын түсіндіруді жақсы игеріп, оның басқаша болуы мүмкін еместігін білу керек деген пікірмен келіседі. Егер осы білім болса, Аристотельдің айтуынша – «айқын білім ақиқат және қарапайым заттардан, аса зәру нәрселерден және шешімнен артығырақ белгілі нәрселерден тәуелді болуы тиіс, ол солардан бұрын болып, соларды түсіндіруі керек». Ғылыми білімнің қаңқасы көрсетуден құралады. Көрсету – силлогизмнің ерекше түрі. Оның болжамдарын ақиқат, қажеттілік, әмбебаптық және тікелей интуитивті түрде түсінілетіндердің ұстанымына жатқызуға болады. Аксиомалардың теоремамен байланысты болатыны сияқты, аталған айқын ұстанымдар да ғылыми қорытындылармен байланысты.

«Антика эстетикасының тарихы» еңбегінде Алексей Федорович Лосев Аристотельді сананың тарихи даму идеясының негізін салған, ғылымның тарихи дамуында өзін бір тізбек ретінде қабылдаған философия тарихындағы алғашқы ойшыл деп атап, Аристотель «Протретирикада» аз уақыт ішінде орасан жетістіктерге жеткен нақты ғылымдардың қарқынды дамуы жайында құлшыныспен айтқандығын жазады. Мұндай қарқынды ілгерілеу Аристотельде барлық ғылымдар жедел түрде қорытындылады деген үмітін жағады. Солай ойлауға себепші – сол кездегі ұрпақтар арасындағы таңғаларлық ғылыми жетістіктер және шығармашылық күштерді ұғыну еді және бұл логикалық дәлелдер емес, білімнің салтанат құрған бақытты сезімі – ғылымның жігерлендірген күшіне деген сенімін күшейтті. Бөгде адамдарға, – дейді Аристотель, – ғылым құрғақ әрі қиын еңбек болып көрінуі мүмкін, бірақ, кемінде оған бір рет үңілген жан үшін ол шексіз ләззат сыйлайды. Бұл – уақытпен, орынмен, шарттармен, еңбек құралдарымен немесе практикалық пайдамен байланысы жоқ адам қызметінің жалғыз түрі. Таным өздігінен керемет және оған үңілген сайын одан да әсем бола бастайды. Осыдан Аристотель өмірінің идеалы шығады: әлемнен оқшауланған, ертегіге ұқсас масайраған философтар аралында, академиялық бақша күркесінде тыныштықтағы «теоретикалық өмір». Дененің сырттағы сұлулығы ұсқынсыз көріністі жасырады. Этрустық пираттар өз тұтқындарын өлі денеге байлағандай, жан денеге бейнетті түрде байланған. Бұл жерде Аристотельдің – платондық жан мен тәннің дүбірлі дуализмы көрінеді. Аристотель философ келіп кететін заттардан өз бойын аулақ ұстап және өз отанына: таза ақиқат патшалығына ұмтылуы керек деген соңғы ойға келеді. Қалғанының барлығы – бос әурешілік және өмір сүруге татымайды.



А.Ф. Лосев Аристотельдің эмпирикалық зерттеулерге жүгінуі – ерекше жаңа және өзіндік сипаттағы нәрсе дейді. Осылайша, ол ғылымның жаңа түрінің негізін салушы. Оның жинақтаушы және жүйелеуші әрекеті гректер үшін мүлдем жаңа болып қана қоймай, бірқатар келекені де тудырды: замандастары Аристотель құрастырған халық мақал-мәтелдер жинағын «кәсіпкерлік» жұмыс деп мазақтады. Өзінің Афиналық кезеңінде Аристотель және оның мектебі 158 грек конституция жинағын дайындайды. Аристотель Олимпиялық ойындар мен Дельфидағы Пифийлық ойындардың көне заманнан бастап соңғы жылдарға дейінгі жеңімпаздарының тізімін жасайды. Аристотель Афинадағы драмалық көріністердің шежіресін жүргізеді. Осы соңғы жылдары Аристотель өзінің хронологиялық шығармаларын, Ніл өзенінің ағуының себептерін зерттеген және оның себебі жаңбыр деген шешімге келген метеорология жайында трактат жазады. Басқа жағынан, Аристотель әрдайым физиологиямен астасып жататын антропология мен психология саласында да жұмыстар жүргізеді. Ол қабылдау мен бояулар теориясы, еске түсіру мен жады туралы, түстер мен сергектік туралы, дем, тірі жандардың қозғалысы, ұзақ өмір сүру, жастық және кәрілік шақ туралы, өмір мен өлім туралы жазады. Осының барлығы бірігіп, тіршілік әрекеті теориясының кезеңін құрайды.

Аристотель философия мен жеке ғылымдар тарихын негіздейді. Оның шәкірттері де осы бағытта жұмыс жасайды: физикалық және метафизикалық жүйелер тарихы туралы он сегіз кітап жазған Теофраст; арифметика, геометрия мен астрономия тарихын құрған Евдем; Аристотельдің тапсырмасы бойынша медицина тарихын дайындаған Менон. Аристотель кітапханасы Еуропадағы ең алғашқы ауқымды кітапханаға айналады.

Жалқылықты жалпылықтың тасымалдаушысы туралы зерттеулері Аристотельдің ерен жетістіктерінің бірі. Аристотель жәндіктер мен жаңбыр құрттарын зерттейді, жануарларды анатомиялайды және мұның барлығы – ең ұсақ және жекеленген тікелей жоғарғы философиялық сұрақтармен байланысты әлемнің саналы бірлігін ұғынуымен іске асады. Дәл осы кезеңде Аристотельдің аспан денелерінің қозғалысы туралы ілімінің өзгеше қайта өңдеуі орын алады. Егер өзінің бастапқы формасында ол аспан денелерінің барлығын айналмалы және бірқалыпты қозғалысқа әкелетін талпынысы – әлдебір мәңгі және қозғалмайтын мәнді негіздің арқасында десе, шығармашылығының соңғы кезеңінде Аристотель аспан механикасы сұрақтарымен жақынырақ айналысып, аспан шырақтарының күрделі қозғалысын түсіндіруде бірнеше аспан қозғалтқыштарының болу мүмкіндігі туралы айтады. Аристотельдің аспан денелерінің қозғалысы жөніндегі әртүрлі топталған ілімін «Метафизикадан» көруге болады.

«Екінші аналитикада» ғылым мәселесін қарастыру өз шешімін таппаған. Оның Аристотельдің жеке ғылыми жұмыстарының мазмұнды корпусына ешбір қатысы жоқ. Ғылымдардың талай буыны оның еңбектеріндегі силлогизмнің бір жалғыз мысалын табуға тырысты. Бірақ бәрі бекер болды. Шын мәнінде, «Екінші аналитика» – ғылыми әдіс туралы трактат емес. Ғылымды экспозициялауға арналған басқарушылық принциптерінің жиынтығы. Дегенмен Аристотельдің трактатарының өзі методологиялық емес, түсіндіруші сипатта және олар «Екінші аналитиканың» нұсқасына да жақын келмейді.

Аристотель ғылымына зәру болып тұрған тек оның мектебін қолдаушыларғана емес. Ғылыми зерттеулердің бүкіл тарихында мұндай ғылымның қандай да бір керемет үлгісі кездеспейді. Аристотель келтірген мысалдардың көпшілігі арифметикадан немесе геометриядан алынған. Оның ойына сол кездің математиктері сөзсіз, айқын әсер етті. Аристотель қайтыс болғаннан кейін, Евклид өзінің аксиомаланған геометриясын келтіргенде, «Кейінгі аналитиканың» ғылыми идеалы орындалғандай болып еді. Бірақ екі мың жыл өткеннен кейін Евклид аксиомаларының ешбірінің қажетті дәлелдері жоқ екені анықталды.

XX ғасырда осындай тағдыр Готлоб Фрегенің логика мен арифметиканы аксиомалау жобасында да болды. XVII ғасырда Спинозаның философияны аксиомаламақ болған тәжірибесі де «Кейінгі аналитикадағы» көтерілген идеалдың тек елес ұшқыны екенін көрсетті.

Осымен, біз Антони Кенни кітабының төртінші тарауында сараптаған Платон мен Аристотель философиясындағы эпистемологиялық мәселелерді қарастырдық. Келесі дәрісімізде біз осы тақырыпты жалғасыра отыра, Эпикур, стоиктер мен скептиктердің философиясындағы эпистемология мәселелеріне тоқталамыз.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Платон философиясында білім мен идеяның қатынасы қандай?
2. Платон «Доха» терминін қалай түсіндіреді?
3. Платонның «Теэтет» және «Мемлекет» диалогтерінің арасындағы таным теориясына қатысты негізгі айырмашылықтары қандай?
4. Платон бойынша математик пен философтың тәсілдерінің ерекшеліктері неде?
5. Платон өзінің «Федон» және «Менон» диалогтерінде білімді қалай анықтайды?
6. Аристотель бойынша ұғымдар қалай қалыптасады?
7. Аристотель ақылдың қандай бес күйі туралы айтады?
8. Аристотельдің демонстративті силлогизмі дегеніміз не?
9. Платон мен Аристотель эпистемологиялық теорияларында қандай айырмашылықтар бар?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
5. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект. – 2017.
6. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).